

Ғимараттың бір бөлігін республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Астана қаласы әкімінің Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының теңгерімінен Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі 11, мекен-жайы бойынша орналасқан пайдалы алаңы 4805,3 шаршы метр болатын ғимараттың бір бөлігін (бұдан әрі - объект) республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен (келісім бойынша) және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен объектіні қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі